*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ археология,
этнология және музеология
кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты*



ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН МУЗЕЙЛЕР: ЖАҢА БАҒЫТТАР, ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Музейлерді жаңа бағытта дамытуға деген ізденіс ХХ ғасырдың 60-70 жылдарынан басталды. Латын Америкасында «интеграцияланған музей» тұжырымдамасы жасалып, оның негізгі ережелері 1972 жылы Сантьяго (Чили) қаласында ЮНЕСКО ұйымдастырған «дөңгелек үстел» кезінде қабылданды. «Интеграцияланған музейлердің» негізгі бағыты адамдардың өздерін қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаны танып білуін жүзеге асыру болып табылады. Концепция авторлары Латын Америкасы үшін тек мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттайтын музейлердің болуы өздерін қанағаттандырмайтындығын жеткізе отырып, дәстүрлі музейлермен қатар адам дамуы индексіне әсер ететін, таным көкжиегін кеңейтетін музейлерді қоса дамыту керектігін дәлелдеді. Француз музеологтары Ж.А. Ривьер мен Ю. Де Варин бастаған «интеграцияланған музей» идеясы «экомузейлер» деген жалпы атаумен сипат алды. Музейдің бұл жаңа бағытының озық тәжірибесі Венесуэла қаласының Баркисименто музейінен, сондай-ақ Рио-де-Жанейро қаласының (Бразилия) Санта Тереза және Сао-Кристовоао деген екі ауданынан көрініс тапты. Идея авторлары осы экомузейлерді құрудың нәтижесінде, тұрғындардың

табиғи-мәдени ортамен тікелей байланысын дамыта отырып, дәстүрлі мәдениет құндылықтарын сақтап, насихаттауды әрі тұрғындарды музей ісіне тартуды жүзеге асыруды мақсат етті.

1983 жылы Лондон қаласында өткен ИСОМ-ның Бас конференциясында музей ісінің осы бағытын ресми ұйымдастыру бастама алды. 1984 жылы Квебек қаласында мамандар «Экомузей және жаңа музеология» атты I халықаралық семинар ұйымдастырды. Квебек декларациясының авторлары «Қазіргі заманда өзінің дамуында жаңа көзқарастарды жүзеге асыру жолына түскен музейлер дәстүрлі идентификация, консервация және ағартушылық міндеттері мен мақсаттары көлемінен шығып, қоғам мен қоршаған орта өміріне қызу араласып, өз аясын кешенді бағдарламаларды жүзеге асырумен кеңейту керек», - деген. 1985 жылы Лиссабон қаласында өткен II халықаралық семинарға қатысушы мамандар музей ісі саласындағы жаңа идеяларды қолдайтын «Халықаралық федерация» құрды.

«Жаңа музеология», «Жалпыға қолжетімді музеология» атты білім жетілдіру курстары, «Жаңа музеология және әлеуметтік тәжірибе» атты бірлестік және «Квебек экомузейлер Ассоциациясы» құрылды. «Жаңа музеология» идеясы одан әрі Латын Америкасы, Азия, Африка елдерінде дамыды. «Жаңа музеология» жүйесінде экомузейлермен қатар, виртуальды музейлер, сайт-музейлер, тірі музейлер, тірі экспозиция, парамузейлер, музей-қалалар дамыды.

«Тірі музей» идеясын америкалық музеолог Д.К. Дан қалыптастырған. Тірі музей – табиғат және тарихи-мәдени ортада өзінің табиғи болмысын сақтап қалған, материалдық және материалдық емес мәдениеттер жиынтығының дәстүрлі түрлерін сақтап отырған, олардың қызметін ылғи жандандырып, өзекті мәселе ретінде көрсетуге бағытталған музейлік тип. Тірі музейлер өзінің аймағында ландшафты тарихи қоныстар мен қатар әлеуметтік-тұрмыстық нысандағы қызмет көрсету сервистерін қамтамасыз ететін

қонақ үйлер, мейрамханалар, офистер, т.б. қамтиды. Тірі музейлер -тарихи мәдени ескерткіштер мен қатар ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды насихаттап, оларды дамытуға бағытталған. Тірі музейлер шетелдік музеологияда «пайдалы музей» деген ұғыммен танымал, оның мақсаты жергілікті тұрғындарды мәдени-тынығу және ағартушылық қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, олардың қоршаған ортамен байланысын арттыру болып табылады. Бұл ұғым «жаңа музеология» ұғымына ұласты. АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы «Тірі өсімдіктер» тірі музейі 120 жылдан бері танымал. Нью-Йорк қаласындағы Квинс штатындағы Кридмур психиатриялық клиника жанынан ашылған «The Living Museum» тірі музейі әрі арт-студия ретінде жұмыс жасайды. Музейді сюрреализм табынушылары, Колумбия университетінің түлегі Болек Гресзинский мен дәрігер Янос Мартон қалыптастырып, 30 жыл бойына табысты жұмыс жасап келеді. Сондай-ақ АҚШ-тың Джеймстаун және Вильямсбургтегі Американы отарлау кезеңінің тірі музейлері, Сан-Уотчтегі үнділер қонысы, Ұлыбританиядағы Қара ел тірі музейі, Норвегия халық музейлерін атауға болады. РФ-та «тірі музейлердің» озық тәжірибесі Красноярск өлкесінде «Экодом», Бородино шайқасы алаңында құрылған «Боронино» музей-қорығынан көрінеді. 2010 жылы Түрікменстанда Ашхабад қаласының маңындағы Гекдере атты елді мекен «тірі музей» ретінде құрылды.

Тірі музейлер имитация арқылы «тірі экспозиция» құрумен ерекшеленеді, әрі тірі экспонаттың келушілерге әсері мол болады. Имитация (латын, *imitatio* – ұқсау, еліктеу) – музей ісінде материалдық емес мәдениетті, ұлттық салт-дәстүрлерді, қолөнер шеберлерінің әдіс-тәсілдерін адамдар көмегімен көрсету. Мысалы, қолөнер жәрмеңкесін, шебер-сыныптарын, ұлттық киімдер сән шеруін, т.б. ұйымдастыру. Сондай-ақ музей экспозициясы тақырыбын, көрме мазмұнын ашу үшін құстар, жан-

жануарлардың тірі дауыстарын, табиғат құбылыстары, яғни теңіз шуылын, боран соғудағы, найзағай ойнағандағы дауыстарды пайдалану. Имитациялы «тірі экспозиция» этнографиялық және этнографиялық бөлімі бар тарихи музейлер бағытына сәйкес келеді. Мыс., ҚРМОМ-де мерекелік күндерге орай ұйымдастырылатын «Орта Азия қолөнер шеберлері» жәрмеңкесі аясында қолөнер шебер-сыныптары мен ұлттық киімдер сән шерулері өтеді. Ықылас атындағы Республикалық музыка аспаптар музейінің қайта ашылу салтанатындағы «Тұран» этнографиялық-фольклорлық ансамблі шебер-сыныптарын атауға болады. Музейге келушілердің сұранысын қанағаттандыру үшін «тірі экспозиция» бір күндік немесе бір іс-шара аясындағы «уақытша» көрініс болмау керек, ол күнделікті музей жұмысының бөлігіне айналу керек.

Прадо музейі ХХІ ғасырдың бас кезінен «жаңа музей» бағытының өзекті мәселелерінің бірі, «тірі экспозиция» қалыптастыру мақсатында жұмыс жасап келеді. Музей залында мольбет алдында жұмыс жасап отырған Диего Веласкестің, Фернандо VII отбасының шақыруымен жұмыс істеп жүрген Гойяны, Эль Греконың «Шаруалардың табынуы», Босханың «Рахат бағында» атты жұмыстарын аяқтау сәтінен тірі көріністерді (актерлер немесе музей қызметкерлері) көруге болады.

ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі дәстүрлі музейлердегі демократизация және жаңғыру бағытындағы ізденістер олардың сапалы түрде жаңа бағытқа трансформациялануын қамтамасыз етті. Музей қорындағы құндылықтарды көпшілікке ұсынатын, қолжетімді етудің жаңа жолдары қалыптасты, олар электронды цифрлау, электронды каталогтау, музейлердің мәдени-ағартушылық бағытында инновациялық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылды. Музей құндылықтарын көпшілікке қолжетімді ету қазіргі таңда «виртуальды музейлер» жүйесі негізінде іске асуда. Виртуальды музейлер – виртуальды кеңістікте орналасқан, компьютерлік технологиялар көмегімен жүзеге асырылған

музейлер моделі. Яғни музейлердің орналасқан мемлекетіне бармай-ақ, үйде, мекемеде отырып, музей экспозициясына ғаламтор жүйесі, аудиотехникалар, мультимедиалық қондырғылар, интерактивті қондырғылар көмегімен саяхатқа шығу. Мұнда музей заттары «виртуальды экспозицияда» орналасады. Виртуальды музейлерге саяхатты электронды жасалған аудиогидтер жүргізеді. Виртуальды музейлер жасау ісі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қолға алынып, қазіргі таңда кең қолданысқа ие болған. Қазіргі заман музейлерінің озық тәжірибесіне музей экспозициясының мазмұнын ашатын 3D, 5D, 7D форматтағы киноқондырғыларды, виртуальды тур, виртуальды музейдегі 3D форматтағы экспозиция мен экспонаттарды атауға болады. Сондай-ақ қазіргі таңдағы музей коммуникациясында музейге келушілердің әртүрлі категориялары, мысалы, мүмкіндігі шектеулі адамдармен, балалармен жұмыс жүргізудің жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылды.

Жастар мен өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында тарихи дәуірлер оқиғасынан түпнұсқалар толық сақталмаған жағдайда «парамузей» арқылы да сол кезеңнің тұлғалары мен оқиғасын ашуға болады. Парамузейлер – шетел музеологиясында тәжірибеге енген, музей қорының негізі түпнұсқа емес заттардан қалыптасқан, белгілі бір тарихи маңызы бар оқиғаларды, нысандарды насихаттайтын музейлік маңызы бар мекеме. Парамузей экспозициясы балауыз фигуралардан, жоғары сапалы жаңғыртпалардан, нақты және жаңа көшірмелерден, т.б. тұрады. Мысалы Қазақстанда «Қазақ хандары», «Қазақ батырлары», «Ұлы тұлғалар» сияқты парамузейлер қалыптастыруға болар еді.

Музеология саласындағы өзекті мәселелердің Балалар музейі арқылы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру. Біздің елімізде Балалар музейі Оқушылар сарайы ішілік, мектеп ішілік музей ретінде тар шеңберде дамып отырғаны шындық. Балалар музейі – балалар аудиториясына арналған, балалардың

сұраныс талабына сай, олардың жас ерекшелігіне сай интерактивті экспозиция құрылған, білім-тәрбие беру функциясын атқаратын, балалардың қоршаған ортаға бейімделу үдерісін, эстетикалық талғамын қамтамасыз ететін, балалардың шығармашылық қабілетін арттыратын, ойлау қабілетін шыңдайтын үйірме, клубтар, курстары жұмыс жасайтын, балалардың ептілігін қалыптастыратын ойын алаңдарымен жабдықталған музейлер жүйесі. Балалар музейі жеке музей ретінде де, «музей ішіндегі музей» түрінде де ашылған филиал, бөлім ретінде де жұмыс жасайды. Балалар музейі идеясы мен термині ХІХ ғасырдың аяғында қалыптасқан.

Қазіргі заманғы музеологияның өзекті мәселелерінің бірі музейлер қызметінің жаңа бағыттарындамыту, музей қызметі арқылы адамдарды қоршаған ортамен, табиғатпен байланысын дамыту болып табылады. Адамдар мен қоршаған ортаны байланыстыратын бір бағыт интеграцияланған музейлерді, соның ішінде музей сыртындағы музей ретінде жұмыс жасайтын мүсіндер бағы мен ботаника бақтары жұмыстарын музейлендіруден көрінеді. Мүсін бақтарының мүсіндемелердің көп шоғырланған жері болып саналады. Әлемдегі мүсіндер бағының озық тәжірибесі Норвегиядағы Осло Вигеланда мүсінінің саябағынан, Шығыс Финляндияның Париккала жерінде Веджо Ронкконен есімді суретші жасаған әр түрлі қимылдағы 500 адам мүсіні (200 мүсін әртүрлі көңілдегі өзінің автопортреті) табиғи фауна, флорамен үйлесімділікте тұрғызылған саябақтан, Санкт –Петербург, Москва мүсіндер бақтарынан т.б. көрінеді.

Ботаникалық бақтарда тірі өсімдіктердің коллекциясын жинап олардың көмегімен өсімдіктердің сан алуандығын және жердің өсімдік әлемінің байлығын зерттеу жүзеге асады. Ботаникалық бақтардың көбінде дендрарий, альпинарий су өсімдіктері мекендейтін тоғандар бар және пайдалы өсімдіктердің экспозицияларын орналастыра отырып, оның музейлік қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды

енгізудің маңызы ерекше. Ұлыбритания жеріндегі табиғат пен мүсіндердің әсем байланысын Хэлиген бағынан көруге болады. Хэлиген бағы – халық көп жиналатын және әлемге танымал ботаникалық бақтардың бірі. Бүгінде ботаникалық бақ Ұлыбританияға ғана емес, күллі әлемге даңқы шықты. Хэлигенде Альпы аңғарлары, қабырға артындағы бақ, жүзімдіктер, қауын ауласы, Хрусталь үңгір, Италиян бағы сынды бөлімдер бар. Бақтың ең көрікті құндылықтары – «Батпақтағы бикеш» және «Алыптың басы» атты өсімдік мүсіндер болып табылады. Ал, Токиодағы Ұлттық табиғат және ғылым музейінің экожүйе-табиғат бөлімі жердегі тірі организмдер эволюциясын тірі экспозиция-имитациямен көрсетеді, ғимараттың шатырында 160-тан астам өсімдік түрін көрсететін бақ орналасқан, баққа кірген әр адамға автоматты түрде ашылатын қолшатырлар көлеңке түсіреді. Мүсіндер бағы мен ботаника бақтары «музей сыртындағы музей» ретінде адам танымының көкжиегін кеңейтетіп, мәдени-эстетикалық, экологиялық тәрбие береді.

Шетелдік музеологияда музей қоры мен жеке коллекция қорын антикварианттармен, өнер мұраларымен, мемориалдық заттармен, тарихи-мәдени маңызы бар құжаттармен, т.б. толықтырудың бір бағыты, адамның әлеуметтік-мәдени қызметінде маңызды орын алатын затты көпшілік сатылымына шығарудың бір жолы аукцион (латын, *auctio*, *auctionis* – көпшілік сауда арқылы сату) арқылы көрінеді. Аукционды ұйымдастырушы мекемелелер, заттың құндылығына алдынала сараптау жасайды.

Қорыта айтқанда, музейге келушілерді дәстүрлі экспозициялық жүйе қазіргі таңда толық қанағаттандырмайды, сондықтан музей ісін толық автоматтандыру, жаңа ақпараттық технологияларды экспозицияға ендіру, экспозиция мазмұнын сенсорлық киосктер, аудио-видео фильмдерді енгізу, фоно-комментарий, аудиогид қызметтерін енгізу арқылы әлемдік өркениет кеңістігіне шығуды талап етеді. Бұл бүгінгі музеология саласындағы кезек күттірмейтін мәселелер қатары.



Н. Ю. СОЙКИНА –
*старший преподаватель кафедры
археологии, этнологии и музео-
логии КазНУ имени аль-Фараби,
кандидат исторических наук*



ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ-МУЗЕЕВЕДОВ (на примере КазНУ имени аль-Фараби)

Тема, предложенная ICOM для Международного дня музеев в 2013 году - «Роль музея в новом обществе». Хотелось бы задуматься над тем, каково же значение музея сегодня.

Требования, предъявляемые современными посетителями к музею, меняются, растет и число конкурирующих с ним досуговых организаций (кинотеатры, развлекательные центры). Музеи никогда не были статичными и гибко реагировали на потребности общества в течение всего периода своего существования. Они изменялись от храмовых собраний в Древней Греции и закрытых коллекций римской аристократии, от эклектичности и эстетизма протомузеев Ренессанса до строгой систематизации эпохи Просвещения. Как пишет в своей книге «Я поведу тебя в музей» известный российский музеевед М. Юхневич «сегодня на смену веку информации идет век общения». И музей вновь вынужден адаптироваться к изменившейся ситуации. Число музеев неуклонно растет, порождая их немислимое разнообразие, и в то же время сегодня музей – явление привычное, в связи с которым у многих людей сложился определенный и далеко не всегда позитивный стереотип.

В связи с тем, что поток въезжающих в страну туристов невелик, основное число посетителей музея составляют школьники и студенты. Нередко они посещают музей коллективно, и стимулом к посещению является не личное желание, а требование учителя.

Я всегда задаю студентам-музееведам первого курса вопросы: в каких музеях вы были? Что вам понравилось, а что нет? И что хотелось бы изменить? К сожалению, абсолютное их большинство готово единогласно признать важность музея, но дело не идет дальше лозунгов. Молодежь редко посещает музеи добровольно. И это печальная статистика. Чаще всего студенты объясняют причину того, почему они не ходят в музей скукой, которая в нем царит. Молодежь, растущая в век интернета, нуждается в интерактивных технологиях, видеоматериалах, возможности получения дополнительной информации. Музей должен быть для них не только «храмом муз», но и местом для общения, где в дружелюбной обстановке можно поделиться впечатлениями, передохнуть, поискать дополнительную информацию.

Немаловажно, чтобы в музее работали сотрудники (особенно те, кто непосредственно взаимодействует с посетителями: экскурсоводы, смотрители), получившие специальное образование и имеющие четкое представление о потребностях, желаниях и запросах людей, пришедших в музей.

Высшее образование для музееведов – явление достаточно новое. Первый набор в КазНУ был осуществлен в 2003 г., выпуск – в 2007. Обучение в магистратуре (научно-педагогическое и профильное направления) ведется с 2007 г. На сегодняшний день университетом выпущено 25 бакалавров и 15 магистров по специальности «Музейное дело и охрана памятников». Наши выпускники работают в Центральном государственном музее Республики Казахстан, музеях Ылым ордасы, Республиканском музее музыкальных ин-

струментов, Музее-заповеднике «Иссык», Музее-квартире Д.Кунаева, Областном историко-краеведческом музее г.Тараза, Быстринском этнографическом музее (Камчатка).

Обучение студентов по специальности «Музейное дело и охрана памятников» осуществляется на сегодняшний день в КазНУ, ЮКГУ имени Ауэзова, КарГУ имени Букетова.

Появление данной специальности во многом связано с тем фактом, что социальная миссия музея существенно меняется, увеличивается значение его коммуникативных функций, неуклонно растет число самих музеев и, соответственно, они нуждаются во все большем числе квалифицированных сотрудников. Немало в республике и совсем небольших музеев, сотрудникам которых приходится совмещать сразу несколько функциональных обязанностей, что в принципе возможно лишь при наличии специального образования.

Музей – уникальное явление, которое предполагает работу в его стенах профессионалов различных профилей: фондохранителей, экспозиционеров, реставраторов, экскурсоводов, маркетологов. В связи с этим студенты, обучающиеся по данной специальности, изучают следующие дисциплины из числа обязательных: Научно-фондовая работа музея, Музейная экспозиция, Музейная педагогика, Музейный менеджмент и маркетинг, История искусств.

С 2010 года обучение осуществляется на основании Экспериментальной образовательной программы по согласованию с МОН РК. Согласно с ней был увеличен объем элективных дисциплин, и учащийся теперь может выбирать индивидуальную образовательную траекторию с учетом своих личных интересов. Таким образом, с первого до последнего курса обучения студент получает возможность сформировать именно те навыки и компетенции, которые понадобятся ему в будущем для профессиональной деятельности. С 2011 года новые образовательные программы строятся на модульной основе, при которой модуль формируется системой дисциплин, обес-

печивающих получение выпускником определенного набора компетенций. Данные изменения вызваны стремлением интегрироваться в мировую систему образования, обеспечив студентам возможность участия в программах академической мобильности.

Обучение музейеведов предполагает тесную связь учебного процесса с музейным миром. Его динамичное развитие требует постоянной коррекции системы подготовки студентов, которая должна быть особенно гибкой и быстро реагировать на требования сегодняшнего дня. Появление новых методов реставрации и консервации, активное развитие информационных технологий, разработка маркетинговых стратегий – все это требует регулярных пересмотров учебных планов, их обновления и оптимизации.

Стоит отметить, что огромное значение для обучения студента-музейоведа имеет практика. При выпускающей кафедре археологии, этнологии и музеологии функционируют 3 учебных музея: археологии, этнологии и палеолита Казахстана. Также в стенах КазНУ имени аль-Фараби действует еще 2 музея – биологический и истории университета.

В учебных планах специальности «Музейное дело и охрана памятников» в конце каждого учебного года предусмотрена практика, которую студенты и магистранты проходят как в музеях КазНУ, так и в ведущих музеях республики: ЦГМ РК, Музее искусств имени А.Кастеева. В магистратуре предусмотрена обязательная зарубежная стажировка, которую большинство учащихся проходило в университете искусств имени Мимар Синан в Стамбуле.

Навыки ведения собирательской работы студенты-первокурсники могут получить в рамках археолого-этнографической полевой практики.

Однако именно производственная практика представляет собой наибольшую проблему. Чаще всего, придя в музей,

наши студенты прослушивают еще один курс лекций на самую разнообразную тематику, еще раз прогуливаются по залам музея, но не получают возможности закрепить полученные ими теоретические знания в практической деятельности. Учитывая специфику работы музея, речь не идет о том, что практиканты могут выполнять функциональные обязанности фондохранителя, реставратора или заполнять учетные документы. Но их можно было бы привлекать к работе маркетингового отдела, при организации выставок, для проведения экскурсий. Возможна разработка ими странички музея в социальных сетях или работа по обновлению информации на сайте музея.

Таким образом, подготовка студентов специальности «Музейное дело и охрана памятников» требует как тесного сотрудничества с музеями, так и регулярного пересмотра и корректировки учебных планов.

Ә. С. БЕКІШЕВ –
*«Сирек кездесетін кітаптар
музейінің» меңгерушісі*



«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН КІТАПТАР МҰРАЖАЙЫ: БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Сөз алды өздеріңізге Сирек кездесетін кітаптар мұражайы туралы ақпарат беруді жөн санап тұрмын. Сирек кездесетін кітаптар мұражайы Ғылым комитетінің 2010 жылғы бұйрығымен құрылған.

Былтырғы жылы 130-дай ғана сирек кітаптарды өз қорына жинақтаған мұражай, бүгінгі күні XVIII-XIX ғғ. мен XX ғ. 40 жылдары аралығында жарық көрген әрі шам жарығымен, қаламұшпен жазылған 500-ден астам аса сирек кітаптар мен қолжазбалар қорын қамтиды. Қорда тарихи-мәдени және ғылыми құндылыққа бай араб, латын және кирилл қарпімен жазылған алуан түрлі саладан хабар беретін, көне баспа кітаптары бар.

Сонымен қатар, Қазақстан территориясындағы ғылым мен мәдениеттің дамуына едәуір үлес қосқан ағартушы-ғалымдардың еңбектері мен қазақ ауыз әдебиетінің алғашқы басылған кітаптары жинақталған. Мұражай сөрелерінен бұдан басқа қазақ халқының этнографиясын, әдебиеті мен тарихын зерттеген ғалымдардың кітап топтамаларын, XVIII-XIX ғасырлардағы ақын-жазушы, сал-серілердің туындыларын тамашалауға болады.

Мұражай қызметінің басты мақсаты – Қазақстан мен жақын және алыс шет елдердегі қолжазбаларымыз бен кітаптарымызды іздестіру, жинақтау, іріктеп топтау, сақтау, ғылыми зерделеп-зерттеу және насихаттауды жүзеге асыру болып табылады.

Биыл мұражайымыздың ұйымдастырылғанына 3 жылдың жүзі. Аяғынан қаз-қаз тұрған бөбектей, мұражайымыз осы мерзім ішінде қазақ халқының рухани асыл мұрасы – сирек кездесетін қолжазбалар мен кітаптарды іздестіруде, жинауда, ғылыми жүйелеуде, қалың көпшілікке таныстыруда өз қызметін атқарып келеді.

Сөз кезегі келгенде айта кетері, 2012 жылы мемлекеттік сатып алу шеңберінде мұражайымыз 4 тақырыптық-көрме залымен, алпыс шақты қолжазба мен сирек кездесетін кітаптармен толыға түсті.

...Қазіргі таңда мұражайдың «Ғасырлар қазынасы» атты тұрақты көрмесі 4 көрме залында жайғасқан. Бұл жерден қазақ кітаптарының қолжазба күйіндегі бастапқы түрінен бүгінгі полиграфиялық мәдениетке дейінгі шежіресін көре аласыздар, халқымыздың әр ғасырдағы рухани мәдениеті туралы сыр шертіледі.

Бірінші, «Байырғы жазба мұралары» атты көрме залында Алтай тауының сілемдерінен және Тарбағатай шатқалынан табылған қазақ жерінің көне таңба жазулары, сонымен қатар көне түркі руна жазбалары ұсынылған.

Тарих және этнография ғылымдарының қайнар көзі және негізі ретінде қолжазба кітаптардың маңызын ашатын, екінші, «Қолжазбалар – ғасырлар мұрасы» атты көрме залы мұражайға келушілерді Орталық Азия мен Қазақстанның ортағасырлық қолжазба дәстүрімен таныстырады. Экспозицияда Абайдың, Шәкәрімнің, Мәшһүр Жүсіптің, Балуан Шолақтың, Сал Біржанның және де басқа сал-сері, ақын-жыраулардың қолжазба өлең жинақтары қойылған.

Үшінші көрме залында, «Отандық көне басылымдар» жәдігерлері сақталған.

Төртінші, «Қазақстанның жазба және баспа ескерткіштері» залында қазақстандық алғашқы баспа өнімдері ұсынылған. Көрмеге қойылған жәдігерлер арқылы ұлттық баспасөздің пайда болуының алғышарттарымен және тарихи фактілерімен, алғашқы қоғамдық газеттердің тарихымен және тағдырымен танысуға болады, сонымен қатар латын графикасындағы қазақ кітаптары сақтаулы.

Алға қойылған мақсаттарымызды жүзеге асыру және мұражайымыздың қорын үздіксіз толықтыру үшін мемлекеттік мұрағаттарда, мекемелерде, кітапханаларда, басқа мұражайлардың қорларында және жеке жинақтамаларда сақталып келген құжаттар мен бірегей жәдігерлерді табу мақсатында республика бойынша және шет елдерде іздестіру жұмыстары мен іс-сапарларын ұйымдастырудамыз. оған дәлел 2012 ж. республикамыздың бес облысы мен қалаларында және Германия елінде іс-сапарда болып қайттық.

Мұражай қорының толықтырылуы үшін де көптеген жұмыстар істеліп жатыр. Баспаханалар, ғылыми-зерттеу институттары, жеке ғалымдар, жазушылар өз қолтаңбаларымен сыйға берген кітаптары мен қолжазбалары күннен-күнге артып келеді.

Осы игі істе қол ұшын созып, демеушілік еткен, ұлтымыздың, еліміздің көз қарашығындай сақтаған мұрасын аялап жеткізіп тарту еткен жандарға шексіз алғысымды білдіремін! Әрбір бастамаларыңыз сәтті болып, нәтижесі жемісті болсын! Халықаралық мұражайлар күнімен құттықтай отырып, еліміздің ғылым саласының дамуы тұрғысынан биік белестерден көріне беруіне тілектеспін!

**«Ғылым ордасы»
туралы қысқаша ақпарат**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитеті «Ғылым ордасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 11 ақпанындағы №84 Қаулысымен «Ғалымдар Үйі» РМҚК мен «Орталық ғылыми кітапханасының» бірігу жолымен құрылды.

«Ғылым ордасының» басты мақсаты: ғылым мен білімді дамытуға республиканың ғылыми жұртшылығын жұмылдыру; Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени және ғылыми мұрасының сақталып, одан әрі дамуына жағдай жасау, осы мұраны тиянақты зерттеп, жан-жақты насихаттау; ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды дайындап, жүзеге асыру және ғылымның, техникалық ілгерілеу мен оның жеткен жетістіктерін қызмет бабында пайдалану; ғылыми кітапханалық – ақпараттық кітаптар мен құжаттар қорын қалыптастыру және Қазақстан Республикасының ғылыми және мәдени мұрасы ретінде сақтап қалу, мұражайларды дамыту. Сонымен қатар, мекеме қызметінің негізгі бағыты ғылым мен білім саласындағы өндірістік – шаруашылық қызметін атқару болып табылады.

«Ғылым ордасының» қызметкерлері басқа ұйымдармен бірлесе отырып білім және ғылым саласындағы дербес және біріккен инновациялық ғылыми-зерттеулер мен ғылыми-техникалық жобаларды дайындап жүзеге асырады, кітапхана ісін, ғылымның түрлі салалары бойынша мұражайларды құру және дамыту жұмыстарын ұйымдастырады,

қызметтің стратегиялық бағыттары бойынша халықаралық қатынастарды дамытады.


«Ғылым ордасының» жалпы көлемі шамамен 38 мың шаршы метр ғимараттар кешені түрінде дамыған базасы бар, онда Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, «Академик Қ.И.Сәтбаевтың мемориалдық музейі» ММ және ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің гуманитарлы және жаратылыстану бағытындағы 10 ғылыми-зерттеу институты орналасқан. Сонымен бірге, 5 млн. астам кітап қоры бар Ғылыми кітапхана жұмыс істейді. Ол кітапханатанудың, библиографияның, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың ірі ақпараттық-үйлестіру орталығы болып табылады. «Ғылым ордасының» ғимараты кеңес дәуірінің белгілі сәулетшісі А.Щусевтің жобасы бойынша салынған және мемлекеттің қорғауына алынған, Қазақстан Республикасының бірегей тарихи сәулет ескерткіштері қатарына енген. Ғимаратта 442 орынға арналған үлкен конференц – залы, 120 орындық кіші конференц – залы және 371 орындық концерт залы мен Қысқы бақ жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2010 жылғы 1 маусымдағы №35-ІІР бұйрығына сәйкес мұражай жәдігерлері мен жиынтықтарын сақтау, зерттеу және көпшілікке ұсыну, ғылыми, тарихи – мәдени мұраны кеңінен тарату және ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының аясында «Табиғат мұражайы» мен «Археология мұражайы», сондай-ақ екі жаңа – «Сирек кездесетін кітаптар мұражайы» мен «Қазақстан ғылымының тарихы мұражайы» жұмыс істейді.

Краткая информация о «Ғылым ордасы»


Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Ғылым ордасы» Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан было создано Постановлением Правительства Республики Казахстан от 11 февраля 2010 года №84 путем слияния РГКП «Дом ученых» и РГКП «Центральная научная библиотека».

Главной целью «Ғылым ордасы» является объединение научной общественности республики на для развития науки и образования; создание условий для сохранения, дальнейшего изучения и всесторонней пропаганды развития историко-культурного и научного наследия Республики Казахстан; разработка и реализация научных программ, научно-технических проектов, содействие развитию науки, технического прогресса и использование их достижений в практической деятельности; формирование и сохранение наиболее полного научного библиотечно-информационного фонда книг и документов на различных носителях, как научного и культурного достояния Республики Казахстан, и развитие музеев. А также основным видом деятельности Предприятия является осуществление производственно-хозяйственной деятельности в области науки и образования.



Сотрудниками «Ғылым ордасы» периодически ведется разработка и реализация как самостоятельных, так и совместных с другими организациями инновационных научно-исследовательских и научно-технических проектов в области науки и образования, библиотечной деятельности, создания и развития музеев по различным отраслям науки, развития международных отношений по стратегическим направлениям деятельности.

«Ғылым ордасы» располагает развитой базой в виде комплекса зданий общей площадью около 38 тыс.кв.м., где размещены Национальная академия наук Республики Казахстан, ГУ «Мемориальный музей академика К.И.Сатпаева» и 10 научно-исследовательских институтов гуманитарного и естественного профиля Комитета науки МОН РК. Также функционирует уникальная Научная библиотека с более 5 млн. книжным фондом. Она является крупнейшим информационно-координационным центром библиотековедения, библиографии, научно-исследовательской и научно-методической работы. Здание «Ғылым ордасы» построено по проекту известного архитектора советской эпохи А.Щусева, находится под защитой государства и входит в число уникальных исторических памятников архитектуры Республики Казахстан. В здании функционируют большой конференц-зал на 442 мест, малый конференц-зал на 120



мест и концертный зал на 371 мест, а также Зимний сад.

В соответствии с приказом Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан от 1 июня 2010 года №35-ПР в целях хранения, изучения и публичного представления музейных экспонатов и музейных коллекций, обеспечения популяризации научного, историко-культурного наследия и осуществления научно-исследовательской, образовательной, культурно-просветительской деятельности при Республиканском государственном предприятии «Ғылым Ордасы» действует «Музей природы», «Музей археологии», а также два новых музея – «Музей редких книг» и «Музей истории казахстанской науки».

**Халықаралық музейлер күніне арналған
«ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ МУЗЕЙЛЕРДІҢ РӨЛІ»
атты іс-шараның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Редакторы - А.М. Галлемова, Ж.Т. Шыныбеков
Техникалық редакторы - Т. Талғат, Г. Өтеғұлова
Дизайнері - Б. Альдибаев
Компьютерде беттеген - Г. Жадыранова

Мекен-жайы: «Ғылым ордасы» РМҚ, 050010
Алматы, Т. Шевченко к-сі, 28.
Тел./факс: +7 (727) 272-87-88
261-01-17, 272-86-56
E-mail: info@gylymordasy.kz.



«Ғылым ордасы» РМҚ
баспасында басылған
Таралымы: 100 дана

